

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы  
Қарағанды Академиясы**

Әскери және арнайы - тактикалық даярлық кафедрасы

**АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ**

№ 15-Атыс даярлығы бойынша сабақтың ұйымдастырылуы мен өткізу  
әдістемесі тақырыбы бойынша

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

Дайындаған: аға оқытушы полиция  
подполковнигі Н.Ж.Қожамжаров

**Қарағанды қ. 2016ж.**

**Оқу- тәрбиелік мақсат.**

1. Курсанттарға сабақ өткізу әдістемесіне үйрету.
2. Курсанттарды тәжірибеде жоспар- конспектілерді құрастыруды үйрету.
3. Педагогикалық қызметке курсанттарды ынталандыру.

**Сабақ түрі:** тәжірибелік

**Әдісі:** әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету

**Өткізілетін орны:** Атыс тирінің сыныбы

**Оқулық сұрақтар:**

1. Сабаққа дайындалу әдістемесі.
2. Жоспар-конспектіні құрастыру әдістемесі.

**Әдебиеттер:**

1. 1995жылғы 30 тамызындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы.
3. «Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV(ҚР 23.04.2014 N 200-V, ҚР 29.10.2015 № 374-V толықтырулар мен өзгертулер) заңы.
4. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасының ІІМ 2013 жылғы 06наурыздағы № 10қбпү бұйрығы.
5. В.А.Момынов. Основы стрельбы из служебного пистолета. М., 1973.
6. Наставление по стрелковому делу. М., 1987.
7. В.А.Кальченко. Формирование профессиональных навыков владения личным оружием у инспектора уголовного розыска. Омск; 1981.
8. С.Н. Солохин. Учебное пособие по огневой подготовке. «Огневая подготовка сотруд-ников ОВД». Алматы, 2003.
9. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Акмола, 1998.
- 10.И.А.Дворяка. Боевая подготовка работников ОВД. М., 1991.
- 11.А.Потапов. Приемы стрельбы из пистолета. М., 2005.
12. І.Б. Нысанқұлов. Оқу құралы. «Атыс дайындығы». Қарағанды, 2008.
- 13.І.Б. Нысанқұлов. Оқу құралы. «Атыс даярлығы». Қарағанды, 2012.

## **КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасы ІІМ-де басшы құрамының және кіші құрамының кәсіпқойлық дайындығы – бұл жедел қызметтік тапсырмаларды сәтті орындау үшін білімдер мен дағдыларды меңгеруде ұйымдастырылған жеке мақсатты бағытталған құбылыс.

Жеке құрам үшін кәсіпқойлықты қамтамасыз ету үшін оқу топтарының құрамы мен олардың басшылары орган бөлімшесінің бастығының бұйрығымен жарияланады.

Әр топта сабақтарды тіркеу журналы жүргізіледі. Қазақстан Республикасы ІІМ-де өндірілген тактикалық жоспарлар мен бағдарламалар негізінде қызметтік дайындықта бір жылға және тоқсанға сабақтар жоспарланады.

ІО әр бөлімшелерінде бастықтың бұйрығымен қызметтік дайындықта сабақтарды тіркеу мен жоспарлауға жауапты басшы құрамға тұлғалар бекітіледі.

Қызметтік дайындықтың сабақ кестесі бір тоқсанға, ал бөлек жағдайда бір айға құрастырылады, орган бөлімшесінің бастығымен бекітіледі және жеке құрамға мәлімденеді.

Сабақ кестесінде көрсетіледі: оқытылатын тақырыптың атауы, уақыты, сабақ орны мен нысаны, әр тақырып бойынша әдебиеттер.

Сабақ барысында оқытылатын сұрақтар органдағы тәжірибелік жұмысымен тығыз байланысты.

Сабақтарды өткізу орган және бөлімше басқарушысына жүктеледі, сондай-ақ тәжірибелік дағдылар мен теориялық дайындықтары бар инженерлік-техникалық және инспекторлық тұлғаларға жүктеледі.

Арнайы білімдерді қажет ететін сұрақтары бойынша, Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындардан және басқа да министрліктер мен ведомствалардан оқытушыларды шақыруы мүмкін.

### **1. Сабақтарға дайындалу әдістемесі**

Сабаққа дайындалу сипаттамасы көбінесе оқу материалдарының мақсаттарымен анықталады. Пәндер бойынша білімді нығайту, қиын дәлелдемелермен дайындалу мен шығып айтуды тек үздіксіз, нығайтылған жұмыстың нәтижесінде жүзеге асыруға болады.

Сабақтарға дайындықты мынадай бағытпен жүргізуге болады. Біріншіден сабақ тақырыбы мен сұрақтарын анықтау. Осының негізінде өз үшін тапсырмаларды, жұмыс тәртібін белгілеу, қашан және қандай әдебиеттерді қандай сұрақтар бойынша оқып алу керектігін, қашан және қандай нысанда конспект жасау керек, қамтамасыз ету үшін қандай сұрақтарды дайындай және т.б. анықтап алу керек.

Бұл барлық сабақтарды ешбір физикалық күш болмау үшін жоспарлау керек. Екіншіден әдебиеттермен тез танысу. Бұл жоспарда қойылған сұрақтарға толықтай жауап беретін қайнар көздерді табуға мүмкіндік береді. Әдебиеттерді қарау кезінде, басында кіріспеге және қортындыға аса көңіл аудару қажет, бұл

жерде автор сұрақтың мағынасы туралы, оны ашу әдісі туралы және өзінің нәтижелерін тианақтайды. Бұл кітаптың мазмұнын жартылай түсінуге мүмкіндік береді. Үшіншіден сабаққа дайындалу барысында әдебиеттерді толықтай зерттеп оқып алу.

*Материалды оқу деген не?*

Бұл дегеніміз – дұрыс оқып алу, оқып алағанды тереңірек түсіну: берілген сұрақ бойынша әр түрлі қайнар көздерде не айтылғанды белсенді және ойға салып талқылау; оқығанды конспектілеу; ең бастысын еске сақтап алу.

*Сабақты өткізу дайындығына кіреді:*

- басшының дайындығы;
- оның көмекшісінің дайындығы;
- үйренушілердің дайындығы;
- оқу орындарын және сабақты материалды қамтамасыз ету дайындығы;

*Сабаққа даярлау барысында басшы сабақ кестесімен сабақ мазмұнын анықтау керек:*

- сабақтың тақырыбын, оның уақытын, мазмұны мен мақсатын, әдебиетті таңдап алумен оқу;
- басты сұрақтарды анықтау;
- оқытудан бағыт-бағдарын анықтау мен ойластыру, әр сұрақты зерттеу үшін әдіс – тәсілдерді қолдану;
- үлгілі көрсетілімге дайындалу;
- әр сұрақты талдауға уақыт бөлу;
- материалдың қамтамасыздандығын анықтау;
- тоериялық және тәжірибелік сұрақтарды анықтау;
- үйренушілердің сабаққа дайындығын қадағалау;
- конспект – жоспарды құрастыру;

*Атыс даярлығы жалпы қағидалармен тәрбие негізінде жүргізіледі:*

- әскери – қызметтік тапсырмаларды сәтті орындау үшін оқыту;
- оқышулардың белсенділігімен сана-сезімі;
- жүйелік және оқуды үйретушілік;
- қол жетушілік;
- білімнің, ақылдың, дағдының тұрақтылығы;
- оқуға жеке және ұжыммен келу.

*Атыс даярлығында оқудың келесі негізгі әдістемелері қолданылады:*

- әңгіме, түсіндіру, көрсетілім, жаттығу, әңгімелесу, өзіндік жұмыс және ату.

*Атыс даярлығы сабағын ұйымдастырудың нысаны:*

- сынып сабақтары;
- ату дайындықтары;
- ату;
- қарулануға қызмет ету.

## 2 . Жоспар-конспектіні құру әдістемесі

*Атыс даярлығы* пәнінің кез келген сабағы кіріспеге, негізгі және қорытынды бөлімге бөлінеді.

*Кіріспе бөлім* (сабақ уақытының 10 % кем емес):

- курсанттардың санын және сырт келбетін тексеру;
- қаруды қарау;
- қауіпсіздік шарасын, өткен тақырыптан меңгеретіндігін және сабаққа жеке құрамның дайындығын тексеру;
- тақырыпты хабарлау, оқу мақсатындағы сұрақтарды қарстыру және сабақты өткізу тәртібін бақылау.

*Негізгі бөлім* (уақыт бойынша 80-85 % кем емес):

- жаңа оқу сұрақтарын талқылау немесе бұрын меңгерген білімді дамыту;
- қарудың материалдық бөлігін, ату тәртібін және нормативтер мен жаттығуларды талқылау.

*Қорытынды бөлімде* (уақыт бойынша 5 % кем емес):

- қаруды тексеру;
- сабақты талқылау, сабақтың қалай өткендігін, жетіспеушілігін және оларды қалыпқа келтіру.
- Атыс дайындығы бойынша міндеттеме қалай орындалады;
- Келесі сабаққа тапсырма беру;
- Сабақтың және өту орнын жариялау.

Тақырыптың атауын, оны оқыту мақсатын және оқу сұрақтарын анықтап, оған әдебиеттер мен материалдарды қамтамасыз етіп жоспар-конспекті жазуға көшуге болады.

*Жоспар конспект екі бөлімнен тұрады:*

- пәннің кіріспе мен кестесі;
- тақырыппен аталған;
- оқу тірбие мақсатымен (үйрету, қайталау және т.б.);
- оқытуға және сабақ мақсатына жету үшін кеткен уақыт;
- сабақты өткізу орны (сынып, аудитоия);
- оқытушының сабақ мақсатына және тапсырмаларына жету үшін әрекетінің әдістемесі (әңгіме, көрсетілім, жаттығу);
- материалды талқылау барысындағы оқу сұрақтарының тәртібі;

*Сабақты материалдық жағдаймен қамтамасыз ету бөлінеді:*

- бақылау сұрақтары;
- жоспар конспектіні құратын автормен қолданылатын әдебиет;

Жоспар конспекті келесі бөлімдерге бөлінеді:

- рет-реттік (№);
- тақырып сұрақтарының қысқа мазмұндамасы;
- уақыт бойынша бөлу;
- курсанттардың іс-әрекеті.

### *Сабақтың құрлымы*

Сабақ үш бөлімге бөлінеді:

Кіріспе бөлім;

Негізгі бөлім;

Қорытынды бөлім.

Оқу сабағы топ бөлімшелерімен өткізіледі және ұйымдастырылады. Бұл кіші командирлерге өзінің қарамағындағыларды үйретуге және атыс дайындығы бойынша жауапкершілігін арттыруға, адамдармен жұмыс істеуге үйретуге көмектеседі.

*Кіші командирлермен әңгіме өткізу келесідей жүзеге асырылады:*

- курсанттардың қарумен жұмыс істеуін тексеру, білмесе - үйрету;
- өткізіліп жатқан сабақтың тақырыбымен, мақсатымен, сұрақтарымен таныстыру, сондай-ақ нысананың орналасуын көрсету;
- сабаққа қандай материалдық қажеттіліктердің керек екенін, оларды алып келуіне нұсқау беру;
- жетекші мен үйренуші жарғының баптарын ату дайындығы бойынша, кіші командирлер әңгіме барысының мазмұнын жұмыс дәптеріне міндетті түрде жазып отырады.

*«9 мм Макаров тапаншасының құрлымы, қолданылуы, сақтау және ұқыпты ұстау» тақырыбы бойынша ұқсас үлгі жоспар- конспект*

*Оқу-тәрбиелік мақсаты:* курсанттарды МТ қолдану ережелерімен және бөлшектерінің құрылысы мен механизімін үйрету.

Уақыты 2 сағат.

Орны Тир сыныбы.

Әдісі: түсіндіру және үлгілі көрсету.

#### Оқулық сұрақтар:

Тарихи анықтама.

1. Ұрыстық қасиеті және тағайындалуы – 10 мин.
2. Макаров тапаншасын жартылай және толық бөлшектеу – 40 мин.
3. Макаров тапаншасының бөлшектері мен механизмдері – 30 мин.

Материялдық қамтамасыздандыру:

1. Оқулық тапанша -1тапанша 2 оқулық топқа және қосымшалар
2. Бір плакат «9 мм Макаров тапаншасы», екі МТ
3. Өзіндік бақылау.
4. Көрсеткіш.
5. Бор.

Үйренушілерді сабаққа дайындау:

- сабақтың тақырыбын хабарлау;
- жаңа сабақты табысты түсіну үшін, өткен тақырыпты қайталау қажет.

Оқу орындары мен материалдық қамтамасыздандыру:

- оқу бөлмесінің көлемін, оқу орнының санын және оларды қосымша жабдықтау;
- сабақта қолданылатын оқу-жаттығу құралдарының саны мен ақаусыздығын тексеру.

**КІРІСПЕ БӨЛІМ**

*Макаров тапаншасының шығу тарихы*

Бүгін біз 9мм Макаров тапаншасын оқуды бастаймыз. Онымен армия офицерлері, Ішкі әскерлері және де Қазақстан Республикасының ПМ-нің басшы құрамы, келешекте қызмет барысында сіздердің қолданатын қаруларыңыз.

“МТ” бұл үшінші жеке қару болып табылады,біздің әскердің қару-жарақ құрамында тұр.

Бірінші револьвер “НАГАН” (Бельгия) жүйесінде 1895 жылы Россия байларымен сатып алынған.

Екінші “ТТ” Тульский Токорев 1933 жылы ұлы отан соғысында қолданған.

Үшінші болып 9 мм Макаров тапаншасы. ҰОС-нан кейін қолданылған.

Н.Ф.Макаров 1914жылы туылған, 1929 жылы орта мектепте 6-ты сынып бітіріп, одан нейін Разянь мектебіне түскен, фабрика-зауыттық оқуын бітірген. Оны бітіргеннен кейін. Н.Ф.Макаров 1931жылдан 1936жылға дейін слесарь болып жұмыс істеген. Бос уақытында уақытында өзіндік жұмыспен айналысқан.

1936 жылы Макаров тульский механикалық институтына түседі, 1941 жылы осы аталған институтты тамандаған. Соғыс уақытында Макаров әр түрлі қызметте жұмыс істеген. Әскери зауытта тапаншала-пулеметтер Шпагина “ТПШ” шығуына үлес қосқан. Әскери уақыт кезінде жетекші құрастырушы болған. Н.Ф.Макаров өзіне жаңа үлгідегі жеке қару ойлап тапты, 9 мм МТ. Бұл оған жетістік әкелді. Ол Ленин премиясымен марапатталған.

*Макаров тапаншасының тактикалық- техникалық сипаттамасы,  
шетел үлгісімен салыстыр*

Тапаншаның сипаттамасы.	МТ	Рев. наган	ТТ	Р-38 Вальтер(Германия)	Кольт (США)
Салмағы	730 г 810 г	795 880	854 940	780	1200
Калибр	9	7,62	7,62	9	11,43
Бастапқы	315	272	420	320	250

жылдамдығы	м/с	м/с	м/с	м/с	м/с
Патронның саны	8	7	8	8	7
Дәлдеу ұзақтығы	50	50	50	50	68
Қарудың ұзындығы	161 мм	220	195	218	197
Ұрстық күші	350 мм				
Ұрстық ату жылдамдығы	30			16	14

Бұл кестеде 50 ден атудың ең күшті нәтижесі. Бұлар қысқа ара қашықтықта қылмыскерді ату үшін.

Макаров тапаншасы тез, және үлкен жылдамдықта атуға ыңғайлы.

Алдын-аласыз ағытқыш ілмектің атысты жүргізуі,соққы-ағытқыш механизімі автоматты түрде қозғалуы, ұрыстық жағдайда болуы.

Жақсы ыңғайлы, қозғалмайтын ұңғы,жұмыста сенімді және қолданғанда қауіпсіз – қаруқап қару түрі алдында МТ-ның осындай басымдылығы бар,Солтүстік Атлантикалық Одақ Бірлігі (НАТО) әскер қаружарағында қолданыста тұр.

### *НЕГІЗГІ БӨЛІМ*

Қысқаша сұрақтың түсінігі	Уақыты	Оқытушының және үйренушілердің іс- әрекеттері.
<p>М.Т. жартылай және толық бөлшектеп жинау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жартылай бөлшектеп-жинау оқтықты тазалау және майлау үшін қолданылады;</li> <li>- Бекітпені қаңқасынан ажырату;</li> <li>- Ұңғыдан қайтармалы серіппесін ажыратып алып қою.</li> </ul>	30 мин	Курсанттар оқытушының іс әрекеттерін көріп қайталайды.
<p><i>Тапаншаны бөлшектеп жинау кері жағдайлармен істеледі</i></p> <p>А) толығымен бөлшектеу, бұл тапаншаның қатты кірлеген уақытында,майлау үшін, жаңбырдың астында қалып қойғанда,қардың астында,жөндеу кезінде орындалады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тапаншаны жартылай бөлшектеп жинауды жүргізу.</li> <li>- бекітпе кедергісін қаңқадан ажырату;</li> <li>- негізгі қол сабынан сабын ажырату;</li> <li>- шүріппені қаңқадан ажырату;</li> <li>- ағытқышты тартушы иінтірек взводын қаңқадан ажырату;</li> <li>- ағытқышты ілмекті қаңқадан ажырату;</li> <li>- сақтандырғышты және соққышты қаңқадан ажырату;</li> <li>- лақтырғышты бекітпеден ажырату;</li> <li>- оқжатарды бөлшектеу;</li> </ul> <p>Тапаншаны бөлшектеп жинау кері жағдайлармен істеледі.</p>		



<p>Тапаншаның жалпы құрылымы, бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы.</p> <p>1. Қаңқа мен ұңғы және ағытқыш доғасынан;</p>	45мин	<p>Оқытушы тапаншаның бөлшектерін түсіндіріп, плакаттан көрсетеді. Курсанттар көріп есте сақтайды.</p>
<p><i>Қаңқа – тапаншаның барлық бөлшектерін құрастырып тұруға қызмет етеді қаңқа сап негізімен біртұтастықты құрайды</i></p> <p>А) Алдыңғы бөлігінде;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- үстіңгі жағында ұңғыны бекіту тіреуі, төменгі жағынан ағытқыш ілмек пен ағытқыш доғаның шығыңқы дөңесінің орналасуына арналған көз;</li> <li>- осы көздің қапталында ағытқыш ілмектің шетмойнына арналған ұяшық; - қаңқаның жоғарғы бөлігінде ұңғыны бекітетін тесік, ал төменгі жағында ағытқыш ілмектің басы орналасатын саңылауы, оң жағында ағытқышты тартушы шетмойынның алдыңғы қозғалысы мен орналасуына арналған қисық кертпе болады.</li> </ul> <p>Б) Қаңқаның артқы бөлігінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- үстіңгі жағында шүріппе және шептало шетмойындарының шетмойынұяшығы;</li> <li>- бекейтпенің қозғалуына арналған кертпелер;</li> <li>- соққы серіппесі тілдерінің саңылауы болады.</li> </ul> <p>В) Сап негізі сабын бекітуге және соққы серіппесі мен оқжатарды орналастыруға пайдаланады.</p> <p><i>Ұңғы оқтың ұшуын бағыттауға қызмет етеді, ұңғы ішіндегі оқпанда(каналында) солдан оңға қарай жоғары иреленген төрт ойықты арна болады. Ойықтар оққа айналмалы қозғалыс беруге қызмет етеді.</i></p> <p>Ойықтар арасындағы аралықтар өріс, ал екі карама-қарсы өріс арасындағы қашықтық ұңғы арнасының <i>калибрі</i> деп аталады;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тапаншада ол – 9 мм-ге тең. Ұңғы арнасының оқталатын бөлігі жылтыр және диаметрі үлкен, оны <i>ұңғылық</i> деп атаймыз.</li> </ul> <p>2. Ағытқыш доға ағытқыш ілмек шетін кездейсоқ басып қалудан сақтайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оның алдыңғы бөлігінде бекітпе кейін қозғалғанда шек қоюға арналған шығыңқы дөңесі болады.</li> <li>- Ағытқыш доға қаңқаның жоғарғы бөлігіндегі сап негізінің алдыңғы қабырғасында серіппемен және қысушымен нығыздалып бекітіледі.</li> </ul> <p>1. <i>Бекітпе оқжатардан патронды</i></p>		<p>Материалды қандай дәрежеде ұққандарын 2-3 курсанттан сұрау.</p> <p>Калибрді қалай анықтауын түсіндіру.</p> <p>Материалды қандай дәрежеде ұққандарын 2-3 курсанттан</p>

<p><i>ұңғылыққа жіберуге, ату барысында оқпанды жабуға, оқсауытты ұстауға (патронды шығаруға) және шүріппені ұрыс тетігіне қоюға пайдаланады</i></p> <p>А) Бекітпенің сыртында</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- көздеуге арналған қарауылы;</li> <li>- көздеуішке арналған көлденең кертпелері;</li> <li>- көздеу барысында бекітпе үстінде қарауыл мен көздеуіш аралығында шағылысуды болғызбайтын керткітері;</li> <li>- оң жағында- оқсауытты лақтырып шығаруға арналған саңылау;</li> <li>- лақтырғышқа арналған ойық;</li> <li>- лақтырғыш серіппесі мен қыспа тығынға арналған ұяшық;</li> </ul> <p>А) Ішкі жағында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұңғы арнасы орналастыру үшін;</li> <li>- бекітпенің қаңқада жылжуы;</li> <li>- бекітпенің, кедергісін орналастыратын тісі;</li> <li>- қайтарғышқа арналған кертпе;</li> <li>- оқсауытты лақтырып сыртқа шығару саңылауы;</li> <li>- жіберуші;</li> <li>- шепталоның иінтірек взводынан бөлектенуге арналған ойық;</li> </ul> <p>4. Соққыш капсульді бұзу үшін пайдаланады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шақпасы бар;</li> <li>- сақтандырғыш кесігі;</li> </ul> <p><i>Лақтырғыш оқсауытты бекітпе тостағаншасында қайтарғышқа дейін ұстап қалуға пайдаланады</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ілгек</li> <li>- бекітпемен жалғастырғыш;</li> <li>- қыспа тығын;</li> <li>- лақтырғыш серіппесі;</li> </ul> <p>1. Сақтандырғыш тапаншаны қолданғанда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін пайдаланады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сақтандырғыш жалаушасын ауыстыру қалпы «Ат», «Сақтандыру» және орнына қою;</li> <li>-кемері;</li> <li>- тоқтатқышы;</li> <li>- Сақтандырғыш жалаушасы;</li> <li>- қыры;</li> <li>- ілмегі;</li> <li>-дөнесі;</li> <li>- бекітпенің қаңқамен жабылуының қабырғасы;</li> <li>- шүріппені жабуының ілмегі;</li> </ul>	<p>сұрау.</p>
--	---------------

